



Сыр бойы

4 маусым, сейсенбі 2024 жыл

№85 (20759)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



- www.facebook.com/syrboyi.kz/
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ҰҚШҰ: ОРТАҚ ҰСТАНЫМ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыда Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Парламенттік Ассамблея Кеңесінің отырысына қатысушылармен кездесу өткізді. Президент заң шығару органдарының спикерлеріне ілтипат білдіре отырып, Ресейдің ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясына тұрақты мәртебе беру туралы ұсынысын қолдайтынын айтты. Президент басқа елдердің делегацияларын осы бастаманы қолдауға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев парламентаралық диалог мемлекетаралық байланыстарды нығайту ісінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті. – Бүгінгі кездесу халықаралық ахуал тым шиеленіскен жағдайда өтіп отыр. Геосаяси текетірес өршіген кезде өңірлік қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатердің ауқымы да айтарлықтай өзгерді. Әлемдегі қақтығыс қауіпті деңгейге жетті. Әсіресе, Таяу Шығыстағы ахуал қатты алаңдатады.

Газа секторында күн сайын жүздеген адам қаза тауып, жаракат алып жатыр. Олардың арасында қарапайым азаматтар, әйелдер мен балалар бар. Миллионнан астам бейбіт тұрғын қиын жағдайға тап болды. Барлық негізгі халықаралық ұйымдар Палестинадағы гуманитарлық ахуалды мүшкіл деп атады. Шын мәнінде, апатты жағдай шегіне жетуге таяп қалды, – деді Президент.

2-бет

/// БҮГІН – ҚР МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ



ТҰТАСТЫҚ ТАҢБАСЫ

Мемлекеттік рәміздер – Қазақстан халқының бірлігін, тұтастығын және азаматтық бірегейлігін бейнелейтін Тәуелсіздігіміздің басты құндылығы. Сондықтан оларды пайдалану, қолдану және насихаттау бағытында көтерілетін мәселелер өте өзекті және басты назарда болуы тиіс. Облыс әкімі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі облыстық комиссияның басты міндеті де осы.

Комиссия қызметіне мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау барысында мемлекеттік саясаты іске асыру бойынша ұсыныстар

әзірлеу, жалпы осы нормативтік-құқықтық жетілдіре түсу, олардың қолдану тәжірибесін

бойынша ұсыныстар әзірлеу, азаматтардың рәміздерге құрметпен қарауын қалыптастыру жөнінде ұсынымдарды тұжырымдау және өзге де маңызды функциялар кіреді.

Сондай-ақ комиссия өз құзіреті шегінде мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау және қолдану жөніндегі қызметін уәкілетті мемлекеттік органдардың тексеруіне бастама жасауға, бұдан бөлек тиісті мемлекеттік органдардың басшы-

ларына мемлекеттік рәміздерді қолдану бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілері бойынша тексеру және қызметтік тергеп-тексеру жүргізуді ұсынуға құқылы. Комиссия отырыстарының күн тәртібі, өтетін орны мен уақыты, алдағы жылға арналған жұмыс жоспары комиссия тарағасы, яғни облыс әкімі тарапынан бекітіледі.

2-бет

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ЖОЛ МҮДДЕСІ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өткен жылы қазан айындағы Сыр еліне келген сапарында облыс үшін аса маңызды шешімдер қабылдады. Оның біріншісі «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылордадан Ақтөбеге дейінгі аумағын 1-санатты төрт жолақты жолға ауыстыру. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы мәселені тез арада шешуді Үкіметке жүктеді. Екінші, өзекті мәселенің бірі Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету жобасы еді. Президент қолдауымен бұл түйткіл де алдағы жылы шешімін табады деп күтілуде.

Үшінші мәселе – Президенттің тікелей қолдауымен басталған «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңарту ісін сапалы аяқтау.

Облыс әкімі Н.Нәлібаев: «Осы жолды жаңарту аяқталғанда Астанаға жету уақыты 11 сағатқа дейін қысқарады. Сонда тек қызылордалықтар ғана емес, Түркістан облысы, Шымкент қаласы, ақтөбеліктер де Астана мен солтүстік өңірлерге осы жолмен қатынайтын болады. Бұл

өңірлер арасындағы байланыстың нығаюына үлкен септігін тигізеді және жүргізіліп жатқан жұмыс барысы біздің қатаң бақылауымызда», – деген еді өткен жылы елордадағы баспасөз мәслихатында.

Бүгінгі таңда аймақ басшысының тікелей қолдауымен «Қызылорда-Жезқазған» жолын қайта жаңарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Республикалық маңызы бар бұл

жол өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосатыны аян.

Бейсенбі күні біз осы жол құрылысымен танысу үшін жолға шықтық. «Қызылорда-Павлодар-Успенка РФ шекарасы» республикалық маңызы бар автомобиль жолының «Қызылорда-Жезқазған» бөлігі осы бағыттағы жолдың 12-шақырымынан басталады. Негізі бұл жол сонау 1984 жылы салынған. Әрине, диттеген жеріне бармаған. Алайда, қырық жыл жатқан асфальт бүгінде айдау жолға айналған. Осы кезге дейін Жезқазғанға жеткенше жол азабынан қиналған жұрттың зар-мұңын тыңдап келдік. Енді қуанышты сөз еститін күн жақын.

2-бет



Суреттер: түсіріп Нұрболат Нұрғабай

/// 5-МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Бір тал кессе, орнына он тал егетін халқымыз табиғатты ерекше аялаған. Ғылым мен техниканың ғаламат жетістіктері және шапшаң дамуы биосферадағы жаратылыстың тепе-теңдік заңдарын бұзды. Мұның соңы азынаған желге, ащы жаңбырға, ормандардың мезгілсіз қурауына, ауа райының бұзылуына, қоршаған ортаның әртүрлі улы қосылыстармен ластануына әкелді. Адамдардың денсаулығы нашарлап аурудың түрі және саны көбейді.

ТАБИҒАТ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Қазір экология және қоршаған ортаны қорғау мәселесі өзекті болып отыр. Елімізде оған қатысты қабылданып жатқан шаралар да аз емес. Өндіріс орындарына қомақты айыппұл салынып, экологиялық мәселелерге немқұрайлық танытқандар жазалануда. Бірақ мәселе мұнымен шешілмейтіні белгілі. Табиғат адамзатқа ортақ дүние болғандықтан, оған тек мамандар ғана емес, әрбір адам жана-шырлықпен қарау керек.

Жаһандық жылыну үрдісі зор қауіп төндірде. XX ғасырдың басынан бері ауаның орташа температурасы 0,74 °С-қа жылынса, соның үштен бірі 1980 жылдан кейінгі кезеңнің үлесіне тиеді. Ал XXI ғасыр ішіндегі температураның өсуі

төменгі мөлшерінде 1,1-2,9, ал 2,4-6,4 градус аралығында болуы мүмкін. Оның салдарынан жер шарының барлық өңірінде ыстық күндер саны артады. Бұған қоса, құрлықтық аудандардың басым бөлігінде жылу толқыны жиі орын алып, температураның таралуы қысқарады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, биология ғылымдарының кандидаты Бахытбек Әбжәлеловтің айтуынша, жер бетіндегі орташа температура 1850 жылдан бері шамамен 1,1°С көтерілген.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2024

2024 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы жекелер үшін: 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін: 6 айға – 5000 теңге

ҰҚШҰ: ОРТАҚ ҰСТАНЫМ МАҢЫЗДЫ



Мемлекет басшысы бұл мәселеде Қазақстан өз ұстанымынан ешқашан айнамайтын тағы да растады. Оның айтуынша, ұзақ жылға созылған қақтығыстың жалғыз шешімі – «ос халық үшін екі мемлекет» формуласы негізінде астанасын Шығыс Иерусалим деп белгілеп, Палестина мемлекетін құру. Сонымен қатар Президент палестиналықтардың Ұйымға мүше болу құқығын мойындау туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының биыл 10 мамырда қабылдаған қарарын қолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиында Ауғанстандағы жағдайға айрықша тоқталды. Президенттің пікірінше, қазіргі кезеңдегі стратегиялық міндеттердің бірі – Ауғанстанды өңіраралық байланыстарға белсенді тарту.

– Қазақстан тәліптер режимін террорлық ұйымдар тізімінен алып тастады. Өйткені қазіргі Ауғанстанмен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту маңызды әрі бүгінгі режим ұзақмерзімді фактор болады деп ойлаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бұл мәселеде ҰҚШҰ-ға мүше елдердің өзара келісілген ұстанымы болуы керек екеніне назар аударды. Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық 1-бөт

орталық құру туралы Қазақстанның бастамасын қолдауға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі заманның сын-қатерлеріне қарсы әрекет ету жүйесін жетілдіру қажет екенін ескере отырып, ҰҚШҰ күш-жігерін ұйым жарғысына сәйкес мүше-мемлекеттер үшін барынша өзекті әрі тиісті жұмыс бағыттарына жұмылдыруды ұсынды. Қазақстан аталған міндеттерді Ұйымға төрағалық ету кезеңінде басым бағыт ретінде белгіледі.

Атап айтқанда, Президент террорлық қауіп-қатермен күресу және ҰҚШҰ-ға мүше елдер азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пәрменді шаралар қабылдау қажет деп санайды.

ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік күштері мен құралдарының дайындық деңгейі әрдайым жоғары болуға тиіс. Мемлекет басшысы мұны тағы бір маңызды басымдық деп атады.

– Ұйым төрағасы ретінде ҰҚШҰ-ның басқару органдарының, сондай-ақ күштері мен құралдары құрылымдарының желделу және әскери дайындығын күшейту үшін бірлескен іс-шараларды уақытылы жүзеге асыруға айрықша мән береміз. Биыл күзде Қазақстан аумағында «Мызғымас бауырластық-2024» және «Жарта-2024» оқу-жаттығу жиындарын өткізуге белсенді әзірленіп жатырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент төтенше жағдайлардың алдын алу және оның салдарын жою жөніндегі ынтымақтастықты Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалығы кезінде басымдық берілетін бағыт ретінде атап өтті.

– Өңіріміздегі су тасқынына байланысты қалыптасқан жағдай табиғат апатының қауіп қаншалықты зор екенін көрсетті. Қазақстанға оның салдары оңай тимеді. Осы мүмкіндікті пайдаланып, еліміздегі су тасқыны кезінде тілеуестік білдіріп, көмек көрсеткені үшін мемлекеттерімізге ризашылығымызды білдіреміз. Біз бұл қолдауды жоғары бағалаймыз – деді Президент.

Қазақстан ҰҚШҰ-ға төрағалығы аясында қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін халықаралық ұйымдармен және құрылымдармен ықпалдастықты нығайтуға ниетті.

– БҰҰ, ТМД және ШЫҰ-ның салалық құрылымдарымен ынтымақтастықты кеңейту аса маңызды деп санаймыз. Биыл қантар айында ҰҚШҰ Хатшылығы мен ТМД Терроризмге қарсы күрес орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Біз мұны құптаймыз, – деді Президент.

Одан кейін Мемлекет басшысы спикерлерге Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар қоғамның барлық саласын, соның

ішінде саясат, экономика және идеология бағыттарын жүйелі түрде жаңғыртуды көздейтінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономика саласына тоқтала келіп, еліміздің ЖІӨ көлемі 265 миллиард долларға жеткенін мәлімдеді.

– 2023 жылы шетелден 23 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тартылды. Еліміздің халықаралық резервтері 100 миллиард долларға жуықтады. Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша биыл Қазақстанның жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімі 13 пайызға өсіп, шамамен 15 миллиард долларды құрауға тиіс. Жақында мен кәсіпкерлік еркіндік пен бәсекелестіктің дамуын қамтамасыз ету, мемлекеттің экономикадағы үлесін қысқарту және бизнес шығындарын азайту арқылы экономиканы ырықтандыруға негіз қалайтын Жарлыққа қол қойдым. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтарды декриминализациялау арқасында бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісі айтарлықтай күшейді, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ елдерімен арадағы сауда-саттықтың қарқынды өсіп келе жатқанына көңілі толауын жеткізді.

– Былтыр Қазақстан мен Ресейдің сауда көлемі 26 миллиард долларға жетті. Ал Қырғызстанмен арадағы сауда айналымы 1 миллиард 571 миллион долларды, Тәжікстанмен 1 миллиард 130 миллион долларды, Беларусьпен 912 миллион долларды құрады, – деді Президент.

Жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблея Кеңесінің отырысы Ұйымға мүше әр елдің мүддесін ескере отырып, мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын ілгерілетуге және өзара үйлестіруге елеулі үлес қосатынын атап өтті. Сондай-ақ Кеңес қабылдайтын құжаттар ҰҚШҰ-ны одан әрі дамытуға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Сонымен қатар кездесу барысында ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының Төрағасы – Ресей Мемлекеттік думасының Төрағасы Вячеслав Володин, Беларусь Республикасы Ұлттық жиналысы өкілі Палатасының Төрағасы Игорь Сергеев, Тәжікстан Республикасының Маджлиси Оли Маджлиси милли төрағасы Рустами Эмомали сөз сөйледі.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕРКІНДІККЕ БІР ҚАДАМ

Мамырдың басында Мемлекет басшысы бәсекелестікті дамыту, мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту және бизнес шығындарын қысқарту арқылы кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз етуге бағытталған экономиканы ырықтандыру шаралары туралы Жарлыққа қол қойды. Оған сәйкес, 2028 жылдың соңына дейін мемлекеттік активтерді кең көлемде жекешелендіруді, жаңа квазимемлекеттік компанияларды құруға мораторий енгізуді, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпкерлікке қатысуының заңнамалық негіздерін қайта қарауды тапсырды.

Президент Жарлығы – ел басшылығы үшінші жыл жүргізіп келе жатқан экономиканы ырықтандыру саясатының жалғасы. 2022 жылы халыққа Жолдауында Президент әділ және ашық бәсекелестікті қамтамасыз ету, экономикада да, саясатта да барлық жасанды монополияларды жою қажеттігін айтқан еді. Бір жылдан кейін Үкіметтің ортамерзімді бағдарламасында кәсіпкерліктің барынша еркіндігінің жаңа принципі жарияланды. Осылайша, ел басшылығы экономикалық еркіндік туралы дәйекті түрде айтып, бірте-бірте мәлімдемелерін нақтылай түсуде.

Fraser Institute рейтингінде еліміз экономикалық еркіндік бойынша әлемде 58-орында. Бұл рейтинг 2021 жылға арналған деректерге негізделген, сондықтан Үкіметтің соңғы шаралары онда әлі көрсетілмеген. Соған қарамастан, Қазақстан – қазіргі өзінде ТМД аумағында ең еркін экономикасы бар елдердің бірі. Былтырғы рейтингте республикамыз Орталық Азия елдері мен Ресейден алда тұр.

Рейтингті әзірлеушілер Қазақстанның күшті жақтары ретінде салыстырмалы түрде төмен салықтар мен қалыпты мемлекеттік шығындарды көрсеткен. Бірақ сот жүйесінің тәуелсіздігі, сыбайлас жемқорлық пен бюрократизацияның жоғары деңгейі, сыртқы сауда мен капитал қозғалысын шектеу сияқты бірқатар проблемалар да бар. Бұл ретте, елдің экономикалық еркіндіктің табысы БАҚ-та жарыса талқыланып, күнделікті жаңалықтардан әлдеқайда маңызды екені сөзсіз. Себебі, бұл халықтың өмір сүру деңгейіне тікелей әсер ететін мәселе.

Экономикалық еркіндік – елдің әлеуетін арттыратын бірінші фактор. Өркендеудің кепілі. Зерттеулер Сингапур, Швейцария және Гонконг сияқты экономикалық еркіндік деңгейі жоғары елдерде азаматтардың әл-ауқатының да өте жоғары екенін көрсетіп отыр. Экономикалық еркіндікпен бірге келетін материалдық әл-ауқаттың өсуі өмір сүру ұзақтығы мен сапасына қатты әсер етеді. Экономикалық өсу тамақтанудың, санитарияның және денсаулық сақтаудың қолжетімділігін жақсартады. Зерттеулер көрсеткендей, экономикалық еркіндік өзінің әл-ауқатына әсері арқылы қоғамдық денсаулықты жақсартумен, соның ішінде ана мен бала өлімінің төмендеуімен тығыз байланысты. Осылайша, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің небәрі 5%-ға төмендеуі табысы төмен және орташа елдерде бала өлімінің 1,5%-ға артуына әкелуі мүмкін.

Сонымен экономикалық еркіндік – белгілі бір мағынада өмір мен өлім мәселесі. Өмір ұзақтығы мен өлім жиілігі тікелей әсер ететін фактор. Сондай-ақ қоғамдық кәсіпкерлік мен гендерлік теңдіктің өсіп келеді. Экономикалық өсу тамақтанудың, санитарияның және денсаулық сақтаудың қолжетімділігін жақсартады. Зерттеулер көрсеткендей, экономикалық еркіндік өзінің әл-ауқатына әсері арқылы қоғамдық денсаулықты жақсартумен, соның ішінде ана мен бала өлімінің төмендеуімен тығыз байланысты. Осылайша, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің небәрі 5%-ға төмендеуі табысы төмен және орташа елдерде бала өлімінің 1,5%-ға артуына әкелуі мүмкін.

Сонымен экономикалық еркіндік – белгілі бір мағынада өмір мен өлім мәселесі. Өмір ұзақтығы мен өлім жиілігі тікелей әсер ететін фактор. Сондай-ақ қоғамдық кәсіпкерлік мен гендерлік теңдіктің өсіп келеді. Экономикалық өсу тамақтанудың, санитарияның және денсаулық сақтаудың қолжетімділігін жақсартады. Зерттеулер көрсеткендей, экономикалық еркіндік өзінің әл-ауқатына әсері арқылы қоғамдық денсаулықты жақсартумен, соның ішінде ана мен бала өлімінің төмендеуімен тығыз байланысты. Осылайша, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің небәрі 5%-ға төмендеуі табысы төмен және орташа елдерде бала өлімінің 1,5%-ға артуына әкелуі мүмкін.

Сонымен экономикалық еркіндік – белгілі бір мағынада өмір мен өлім мәселесі. Өмір ұзақтығы мен өлім жиілігі тікелей әсер ететін фактор. Сондай-ақ қоғамдық кәсіпкерлік мен гендерлік теңдіктің өсіп келеді. Экономикалық өсу тамақтанудың, санитарияның және денсаулық сақтаудың қолжетімділігін жақсартады. Зерттеулер көрсеткендей, экономикалық еркіндік өзінің әл-ауқатына әсері арқылы қоғамдық денсаулықты жақсартумен, соның ішінде ана мен бала өлімінің төмендеуімен тығыз байланысты. Осылайша, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің небәрі 5%-ға төмендеуі табысы төмен және орташа елдерде бала өлімінің 1,5%-ға артуына әкелуі мүмкін.

Сонымен экономикалық еркіндік – белгілі бір мағынада өмір мен өлім мәселесі. Өмір ұзақтығы мен өлім жиілігі тікелей әсер ететін фактор. Сондай-ақ қоғамдық кәсіпкерлік мен гендерлік теңдіктің өсіп келеді. Экономикалық өсу тамақтанудың, санитарияның және денсаулық сақтаудың қолжетімділігін жақсартады. Зерттеулер көрсеткендей, экономикалық еркіндік өзінің әл-ауқатына әсері арқылы қоғамдық денсаулықты жақсартумен, соның ішінде ана мен бала өлімінің төмендеуімен тығыз байланысты. Осылайша, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің небәрі 5%-ға төмендеуі табысы төмен және орташа елдерде бала өлімінің 1,5%-ға артуына әкелуі мүмкін.

Сонымен экономикалық еркіндік – белгілі бір мағынада өмір мен өлім мәселесі. Өмір ұзақтығы мен өлім жиілігі тікелей әсер ететін фактор. Сондай-ақ қоғамдық кәсіпкерлік мен гендерлік теңдіктің өсіп келеді. Экономикалық өсу тамақтанудың, санитарияның және денсаулық сақтаудың қолжетімділігін жақсартады. Зерттеулер көрсеткендей, экономикалық еркіндік өзінің әл-ауқатына әсері арқылы қоғамдық денсаулықты жақсартумен, соның ішінде ана мен бала өлімінің төмендеуімен тығыз байланысты. Осылайша, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің небәрі 5%-ға төмендеуі табысы төмен және орташа елдерде бала өлімінің 1,5%-ға артуына әкелуі мүмкін.

Сонымен экономикалық еркіндік – белгілі бір мағынада өмір мен өлім мәселесі. Өмір ұзақтығы мен өлім жиілігі тікелей әсер ететін фактор. Сондай-ақ қоғамдық кәсіпкерлік мен гендерлік теңдіктің өсіп келеді. Экономикалық өсу тамақтанудың, санитарияның және денсаулық сақтаудың қолжетімділігін жақсартады. Зерттеулер көрсеткендей, экономикалық еркіндік өзінің әл-ауқатына әсері арқылы қоғамдық денсаулықты жақсартумен, соның ішінде ана мен бала өлімінің төмендеуімен тығыз байланысты. Осылайша, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің небәрі 5%-ға төмендеуі табысы төмен және орташа елдерде бала өлімінің 1,5%-ға артуына әкелуі мүмкін.

ТҮТАСТЫҚ ТАҢБАСЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әрбір азамат мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге және оларға ұқыпты қарауға міндетті. Бекітілген стандарттарға сәйкес оларды жыртылған, лас немесе тозған күйде пайдалануға жол берілмейді. Мұндай заң бұзушылықтарды аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес құрылған инспекциялық топ тексереді. Жыл басынан бері инспекциялық топ облыстағы 198 мемлекеттік мекемеге зерделе жұмыстарын жүргізіп, анықталған кемшіліктерді дер кезінде қалпына келтірген.

Жалпы, комиссия рәміздерді бекітілген ұлттық стандартқа сай қолдану бойынша әдістемелік түсіндіру жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Түсіндіру жұмыстары барысында мемлекеттік рәміздер арнайы мемлекеттік заңдар мен ұлттық стандарттарға сәйкес дайындалатыны, оларға қойылатын талаптар реті, қолдану және орналастыру тәртібі, сонымен қатар соңғы енгізіліп жатқан өзгерістер мен толықтырулар туралы жалпы ақпараттар берілуде. Осындай ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде жастардың Отанға, оның тәуелсіздік нышандарына деген құрметі, патриотизм рухы арта түсеріне сенім мол.

Айта кету керек, биылдың өзінде Мемлекеттік рәміздерді насихаттауға бағытталған түрлі форматтағы ірі көлемді 21 іс-шара өткізіліп, оларға 5 мыңға жуық тұрғын қатысқан. Облыстық комиссия алдағы уақытта да бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі жұмысын жалғастыра береді.

Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіздігіміздің басты құндылығы әрі ажырамас бөлігі. Халқымыздың бірлігі мен тұтастығын, азаматтық бірегейлігін бейнелейтін атрибуттар. Сондықтан әрбір азамат Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, қадірлеуге міндетті.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

ЖОЛ МҮДДЕСІ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Біз қаладан ұзай бере қосымша жолға шығып, 26-шақырымдағы қара жердің ақ шаңын аспанға атқан техникалар тобына тоқтадық. Қайта жанарту жұмыстарымен қытайлық «Лунцзянь» мекемесінің филиалы айналысып жатыр екен. Осы тұста «ҚазАвтоЖол» АҚ ҰҚ Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары Ереяйын Мұзафармен жолшығастық.

Жүзін шаң басқан жас азамат ат үстіндегі шаршаңқылығын байқатпай байыпты сөйледі. – «Қызылорда-Жезқазған» жолының жалпы ұзындығы 424 шақырым, соның 216 шақырымы біздің облыс көлеміне кіреді. Осы бөлікті қайта жаңалау жұмыстары тоқтаусыз жүріп жатыр. Бізге жүктелген міндет бар. «ҚазАвтоЖол» облыстық филиалы (директоры Ерулан Жүнісов) автожол құрылысын сапалы әрі мерзімінде аяқтауды қамтамасыз етуді, жұмыс сапасын Жол активтері Ұлттық сапа орталығымен бірлесіп қадағалауды іске асырып отыр.

Бұл аумақта жүріп жатқан – жер жұмыстары. Мұнан соң қосымша кабат, тас, құм қоспасымен жабу жүргізіледі. Сосын негіздемені төменгі бөлігі аталатын малтатас-ты құм қоспасы салынады. Одан кейін негіздемені жоғарғы бөлігі асфальт жабындысы төселеді. Жол қарама-қарсы бағытта,

1-бөт

яғни екі жолалық болады. 2026 жылы пайдалануға беріледі. Осы жұмыстарды бірнеше жол құрылысын жүргізетін компанияның 400-ден астам техникасы мен 600-ден аса маманы атқарып жатыр.

Негізгі жолдың 84, 119, 154, 198-шақырымдарында қызмет көрсету нысандары болады. Осы мақсатта қазір жол жиегінен аланқайлар қалдырып кетеміз. Кейін оларды сол істі жүргізетін жеке кәсіпкерлерге белгілеп береміз. Ол нысандарда тамақтанатын, қонатын, демалатын және көліктерге техникалық қызмет жасайтын орындар болады. Қазірдің өзінде 154-шақырымда қызылордалық кәсіпкер осындай нысанды салып, дайындап қойды. Жол біткен соң қатынас қарқындылығы артады, сол кезде мұндай орындар жолға ашылуы үшін аса қажет.

Жол жұмыстарының бәрі осы аумақтағыдай емес, мысалы 3-лоттағы мердігер осы кезде асфальт жабындысын төсеп жатыр.

Қорыта айтқанда, бұл маңызды жоба облыс басшысының тікелей бақылауында тұр. Сондықтан «ҚазАвтоЖолдың» облыстық филиалы жол жұмыстарының мерзімінде және сапалы аяқталуы үшін еңбек ырағының бір минутқа да бұзылмауын қадағалайды, – деді маман.

Біз мұнан әрі жолдың 76-127 шақырым аралығында жұмыс атқарып жатқан «Қытай азаматтық

инженерлік-құрылыс корпорациясы» жолшыларына келіп жеттік. Бұл құрылыс мекемесінің қысқаша атауы «ССЕСС» екенін жолшылардың арнаулы сырт киіміндегі таңбадан білдік.

Жолға асфальт жабындысын төсеп жатыр екен.

Күн ыстық, асфальт ыстық, ұртып көріп едік, су да ысып кетті. Бет-ауыздарымыз шалмалап алған механизматорлар мен мамандардың жанкешті еңбегін бағырлыққа тән десек те болар. «Хоба» дейтін ауыр жүк көлігі асфальтты төгіп жатыр, «Асфальтоукладчик» деп аталатын алып трактор жұтып жатыр. Артында айнадай жол қалып барады. Ақ күріш алқабындағы комбайн көзге келеді.

Фототілші Нұрболат Нұржаубай осы көріністі суретке түсіру үшін желмен жағаласып квадрокоптер ұшырды. «Бұл жолшылардың еңбегін қанша аспанда тасқа да жарасалды», – дедім мен.

Учаске басшысы қытайлық азамат Ян Синмен аудармашы Ғасыр Қадірхан арқылы тілдедік. Өз жұмысының қыр-сырын жақсы білетін маман екен. «Техника сайлы, асфальтты алыстан тасымаймыз, зауытымыз бар. Кейін жол біткесін оны көшіріп алып кетеміз. Бұл жерде жолшылардың тамақтануына, демалысына жақсы жағдай жасалған», – деп сөзі де қысқа-қысқа естелетін «ССЕСС» өкілі өзі де қысқа қайырды.

«Қызылорда-Жезқазған» жол

құрылысында бұлардан басқа «Қыран» ЖШС, «Гуйчжоу желі инженерлік корпорациясы», «Стекол Корпореишн» секілді ірі компаниялар бар. Олар құс ұшпаса дала тәсінін қан тамырына айналатын заманауи қатынас жолын аяқтауға жақын.

Біз қаланы бетке алғанда ескі жолды қуырып келе жатқан тіркемелі жүк көліктерімен жиі ұшырастық. Олар сонау Жаңа-қорғаннан тас алып келе жатқан көліктер болып шықты. Темір жүргізіп, тас тасу оңай ма?

Жол нобайында жер топырағын көтеру, арнайы су өткелдерін жасау, кийршық құм қоспасы, қауекті асфальтбетон қоспасы қабаттарын қалыптастыру, аптаптан айқасып жүріп ескіні бұзу, жаңаны түзу! Мандай тер ме, майдан тер ме?!

Нағыз еңбекті танығыңыз келсе, «Қызылорда-Жезқазған» жол құрылысын көріңіз.


Бүгінгі бейнегі – бел көтерпейтін жол мүддесі – ертеңгі ел мүддесінің шешімі болмақ. Бұл жол сол уақытта сауда-көлік байланысын күшейтеді, жүк транзитін арттыруға мүмкіндік береді, демек, халықтың әлеуетін көтере түседі. «Арқан бойы соқпақтың тұсау бойы төтелігі» демекші, Қызылордадан Астанаға баратындар енді жарты күннің үнемдейтін болады. Ол кезең де алыс емес.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

/// ДАРИЯ ДЕҢГЕЙІ



СЫРДЫҢ СУЫ ҚАЛЫПТЫ

Биыл жауын-шашынның қалыпты түсуі Сырдария өзеніндегі су деңгейіне жақсы әсер етті. «Шардараға» дейінгі су қоймаларында осы кезде 16,3 млрд текше метр су жинақталған. Былтыр 14,6 млрд текше метрді құраған еді.


– Айта кетсек, бүгінде «Шардара» су қоймасында 4,9 млрд текше метр су бар. Өткен жылмен салыстырғанда 903 млн текше метрге артық. Облыс шекарасына дейін секундына 654 текше метр су келуде. Ал «Қызылорда» су торабына дейін каналдар арқылы секундына 363 текше метрден астам су алынады. Кейінгі жылдары дариядағы судың аз болуына байланысты Кіші Арал теңізіне жиналған су көлемі 27 млрд текше метрден 21,5 млрд текше метрге төмендеді. Осы мақсатта биыл вегетация кезінде «Қаратерен» су бекеті арқылы теңізге 997 млн текше метр су босату жоспарланып отыр. Су деңгейіне байланысты Қызылорда облысына бөлінген су лимиті қайта қаралды. Оның мөлшері 3,7 млрд текше метрді құрайды, – деді Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясының басшысы Қайратбек Сәрсенбаев кешегі өткен брифингте.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жансұлтанұлының айтуынша, дария суы шабындық пен жайылымдық жерлерге және егістікке жіберіледі.

– Өткен жылдың 8 желтоқсанында Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірге «Қызылорда облысындағы суармалы жүйелер мен гидротехникалық құрылыстарды қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар» бекітілген еді. Соған сәйкес республикалық меншіктегі 26 магистралды және шаруашылықаралық каналды, 21 қашыртқыны, 144 тік дренажды ұңғыманы қайта жаңғырту, каналдарды цифрландыру, автоматтандыру және басқа да су шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған 37 жоба енгізілді. Жанакорған ауданының «Келінтөбе магистралды каналына су беретін канал» және «Жаманбай батыр ауылдық округіндегі науалық суғару жүйесінің құрылысы» жобаларын жүзеге асыруға биыл республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылууда, – деді басқарма басшысының орынбасары.

«Қазсушар» РМК Қызылорда облыстық филиалы нақтыланған индикативтік жоспар мен белгіленген лимитке сәйкес су пайдаланушылармен келісім-шартқа отыру жұмыстарын жүргізуде. Қазірге дейін олардың саны 760-қа жетті. Сондай-ақ, су пайдаланушылардың сұранысын қамтамасыз ету мақсатында облыс және аудан әкімдіктерімен тығыз қарым-қатынас жасалған. Филиалдың аудандық өндірістік бөлімшелерінің барлық мамандары күндіз-түні егін алқаптарына су жеткізіп беру үшін жұмыс жасауда.

«СБ» ақпарат



/// 5 МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

ТАБИҒАТ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

– Ауаны лақтау, өнеркәсіп санының артуы, ормандарды кесу, қалдықтарды лақтыру, түрлі-түрлі жағымсыз әрекеттер – бәрі-бәрі жаһандық жылыудың басты себептері болып тұр. Жер шарының орташа температурасы қазіргі деңгейден 2°C жоғарылайтын болса, бұл адамзатқа ауыр апат алып келуі мүмкін. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің өсуімен қатар жаһандық температураның да өсуі атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің өзгеруіне әкеледі. Осылайша табиғи катаклизмдер жиілеуі мүмкін, – дейді ғалым.

Жаһандық жылыудан өзге, қоршаған ортаны қорғау және экология жайы әр елді алаңдатууда. Қазіргі таңда ауызу, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі үлкен мәселеге айналды. Өйткені, қоршаған ортаның ластануы экологиялық таза азық-түлікпен қамтамасыз етуге көп кедергі жасайды.

– Кейінгі статистикалық мәліметтер бойынша өнеркәсіптік өндіріс пен ғылыми-техникалық прогрестің дамуы адам денсаулығында болатын түрлі өзгерістерге әкелген. Сондықтан кез келген әлеуметтік жүйе табиғи ортамен сәйкестікке өмір сүруі қажет және табиғатты пайдалану әдістерін, өндірісті табиғат мүмкіндіктеріне сай жүргізу шарт. Сонда табиғат та өз популяциясын және өмір салтын сол мүмкіндіктерге үйретеді. Табиғатпен санаспай өмір сүру адамның өмір-тіршілігіне, әсіресе денсаулығына әсер етіп, тіпті бұрын кездеспейтін аурулар пайда болуда. Ал адамзат үшін ең басты байлық – денсаулық, – дейді Б.Әбжәлелов.

Топырақтың тұздануы жылдам жүреді

Қазақстанның көптеген аудандары бүгінгі күнде экологиялық мүшкіл хал кешіп отыр. Қоршаған ортаны қорғау шараларына біршама мөлшерде мемлекеттік және орталықтандырылған түрде қаржы бөлінеді. Алайда, мұның бәрі рес-

1-бет.

публиканың ұлттық табысының 1%-на да жетпейді.

Мамандардың айтуынша, республикадағы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың тазалау қондырғыларының сапасы мен тиімділігі 30%-дан аспайды. Өндіріс сарқынды, шайма және қолданылған судың әсерінен Ертіс, Орал өзендерінің суы, зияндылығы жөнінен нормативтік көрсеткіштерден әлдеқайда асып түседі. Өзендердегі судың өздігінен тазаруы, тек 300 шақырымдық жол жүріп өткен соң ғана жүзеге асады екен. Қазіргі экожүйені қалыптастыру, ғылым мен техника жетістіктерін өндіру, осы мақсаттарға қаржы жұмсау мөлшері теңізге тамған тамшыдай.

Жер және минералды шикізат ресурстары, ауылшаруашылық алқаптары тозудың аз-ақ алдында десе де болады. Суармалы жерлердегі құнарлылықтың төмендеуі, топырақ қабатындағы гумус қабатының жұқалануы, егін алқаптарында жиі байқалып отырған құбылыс. Ал табиғатта қалыңдығы 5 см гумус қабатын жинау үшін жүздеген жылдар қажет болса, бұл мақсатқа мыңдаған жылдар кететіні анық.

Экология мәселесі сөз болғанда Аралдың жайын айтауға болмас. Арал қасіреті республика аумағынан асып, бүкіл планетаның бас ауруына айналып отыр. Оны сауықтыру бағытында Орталық Азиядағы бес мемлекет – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркіменстанның президенттері бірнеше рет кездесті. Мемлекет басшыларының шешімімен, Арал бассейнін қалпына келтіру жобаларына қолдау білдіру туралы шаралар айқындалды. Бір кездері арнасын асып-тасып жатқан алып теңіздің бүгінгі жайы жүрек ауыртады. Ұлтанын ұшқан тұзды шаң әлемнің түкпір-түкпіріне жетіп, барған сайын қатерлі де қорқынышты сипат алып барады. Бұл проблеманы Біріккен Ұлттар Ұйымы мен басқа да мінбелерден қайта-қайта көтерілуі де сондықтан.

Эколог ғалым Аралдың фаунасы мен флорасын жойылып бітуге жақын екенін айтады.

– Топырақтың тұздануы өте жылдам жүреді. Арал теңізінде балық

өсіру шаруашылығы тоқтап, кейінгі 1-2 жылда ғана қайта қолға алынды. Теңіз түбінен көтерілген улы тұздың мөлшері жылына 13-20 млн тонна деп есептеледі. Тұзды шаң әсері сонау Орта Азия республикалары аумағына жетіп, ауыл шаруашылығына зардабын тигізуде. Топырақтың тұздануы Өзбекстанда 60%, Қазақстанда 60-70%-ға артып отыр. Мұның өзі жалпы шаруашылыққа зиянын тигізуде. Арал теңізінің болашағы дүниежүзі халықтарын толғандыруда. Ал әлемдік климаттың өзгеруі, шөлге айналуды, атмосферадағы ауытқушылықтар, антропогендік экожүйелердің тұрақсыздығын тудырады.

300 миллион тонна пластик

Қазір өндірісте пластик ыдыс пен целлофан қалта көп пайдаланылады. Мәліметтер бойынша, пластикалық өнімдерді шығаратын зауыттар жылына атмосфераға 400 млн тоннаға дейін көмірқышқыл газын шығарады. Жануарлардың пластикті жеп қоюы, соның салдарынан жойылып кету қаупі де жоқ емес.

Пластмассадан жасалған ыдыстар бір рет қолдануға арналған. Алайда олар екі жүз жылға жуық уақытта ыдырайтыны белгілі. Пластмассалар жерге түскенде ұсақ бөлшектерге ажырайды да, өзінен қоршаған ортаға химиялық заттарды бөле бастайды. Жерасты суы арқылы ұсақ түйіршіктері және оның химиялық заттары ең жақын су көздеріне түседі, бұл жануарлардың жәннай қырылуына әкеледі.

Жыл сайын өлімізде көлемі мен түрі аралуан пластик ыдыстар тонналар өндіріледі. Қазір көпшілігіміз бір реттік ыдыстарды пайдалануды әдетке айналдырғанмыз рас. Оларды пайдалану уақытты үнемдегенімен, зияны орасан. Мәселен, пластик ыдысты жуып жатқаннан гөрі қобықса тастай салу ыңғайлы. Ал қобықсыз шамадан тыс көптігінен қоршаған орта ластанып, адам денсаулығы зақымдануда.

Жалпы, пластик ыдыстар химиялық қосындылардан жасалатыны белгілі. Сондықтан оларды дұрыс

пайдалану туралы мамандар кеңес береді.

Егер пластиктің табанында PS деген таңба болса, ол тек салқын азық-түлік салуға немесе құюға арналған. Ал оған ыстық шәй құйылса, ыдыстан стирол деген улы зат бөлініп шығады. Мұндай ыдысты көп қолданатын адамның бауыры мен бүйрегі дертке шалдығады. Оны аты айтып тұрғандай, бір рет пайдалану керек. Қайта-қайта жуағанмен де, ол түбегейлі тазарды деген сөз емес. Керісінше, жуаған сайын пластмасса құрамынан улы заттар бөлінеді. Біржолғы стакан-дарға газы бар су, қышқыл шыршын, ыстық шәй құйсаңыз қауіпті. Оның зиянын адам бірден сезбеуі мүмкін, бірақ ішкі ағзалардың қызметін бірте-бірте әлсіретеді. Тағы бір назарға алатын жайт – пластик ыдыстарда тағамды ұзақ уақыт сақтауға, микротолқындарды пеште қыздыруға мүлде болмайды. Артықшылығы – мұздатқышқа төзімді, ол тағамның құндылығын сақтай алады.

Адамзаттың сұранысына қарай жыл сайын әлемде 300 миллион тоннадан астам пластик өндіріледі. Оның 10 миллионға жуығы мұхиттарға тасталады. Бір ғана пластиктің кесірінен мұхиттағы тіршілік көзі жойылып, табиғатқа залал келуде. Сондықтан жер шарының тіршілігін тоқтатпау үшін ең алдымен оны пайдалануды шектеу қажет. Сұраныс азайса, зауыттар экологиялық таза өнім өндіруге мәжбүр болады.

Стихиялық қалдықты жоюда алғашқы орында

Кейінгі кезде қаламыз республикадағы ең таза өңірлердің қатарынан орын алған. Әсіресе, мұны сырттан келген қонақтардан естіп қуанып қаламыз. Тазалықтың табылдықтан басталатынын ескерсек, туған жеріміздің мұнтаздай болуы әрбірмізге де байланысты. Алайда әлі де тазалық мәселесіне салғырт қарайтындар жетерлік. Нақты деректерге сүйенсек, облыстық экология департаменті мамандары

жыл сайын заңсыз қалдық орындарын анықтап, рұқсатсыз тасталған қалдықты азайтуға жұмыс жасап келеді. Мәселен, 2018 жылы 240, 2019 жылы 228, 2020 жылы 136, 2021 жылы 105, 2022 жылы 99, 2023 жылы 74 рұқсатсыз қалдық орыны анықталған.

– Бұл көрсеткіш жылдан жылға азайып келе жатқанын көрсетсе де, халық арасында қоқыс тастау тоқталмай отыр. Бүгінде облыс стихиялық қалдық орындарын жою жөнінде аймақтар көрсеткіштерінде алғашқы орында. Сонымен қатар, бірінші ретте заңсыз қалдық орындарының түзілуін болдырмауға бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асырады. Биыл геопортал жүйесінде жанарту мен өзгерістер енгізілген жоқ. Дегенмен департамент қызметкерлері қала аумағында заңсыз қалдық орындарын анықтау мақсатында тұрақты түрде рейдтік іс-шаралар ұйымдастырады, – дейді облыстық экология департаментінің баспасөз маманы Ботақов Сейіл.

Экологиялық сараптама нәтижесінде атмосфералық ауаға шығарылатын ластанғын заттарға берілетін норматив көлемі 4803, төгінді 327 тоннаға азайтылып, 2780 тонна қалдықты залалсыздандыру жұмысы қарастырылған. Жалпы облыс бойынша өткен жылға берілген шығарындының лимиті 51,1 мың тоннаны құрады. Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 6600 тоннаға төмен. Іс-шараларды жүзеге асыру барысында атмосфераға шығарылатын ластанғын заттардың азынана қол жеткізілді. Облыстағы 7 полигон экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендірілді.

Қаладағы негізгі экологиялық мәселелердің бірі – №6 жылу-электр орталығының күл қалдықтарын жою. Бұл бағытта сала мамандары тиісті шараларды қолға алған. Айталық, күл қалдықтарын «Компания Гезуба Шнелл Цемент» ЖШС-нің зауытына шикізат ретінде кезен-кезенімен цемент шығару өндірісіне пайдаланылады.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»



«ТАЛ ӨСПЕЙДІ» МЕН «ТАЛ ЕКПЕЙДІ» АРАСЫ

12 мыңға артық егілді

«Қызылордада тал өспейді» деген сөзге тойғанбыз. Әзіл. Бірақ түбінде зіл бар. Кім болса да осылай Қызылорданың қысы-жазы желден көз ашпайтын, ауасы құрғақ, топырағы тұзды климатын тұлқалдағанын түсінеміз.

«Тал өспейді» деген «тал екпейді» деген сөз емес. Егудің кемі жоқ. «Жасыл Қызылорда» мекемесінің мәліметіне сенсек, биыл көктемде облыс орталығында 8 мың көшет отырғызу жоспарланған. «Жоспарды 12 мыңға артығымен орындадық» деп ақпарат берді ондағылар.

– Қаланың аяқсу тұрақты беріліп тұрған Бейбарыс сұлтан, Қорқыт ата, Сағымбаев және тағы басқа орталық көшелеріне климатқа қолайлы талдар егілді. Мониторинг жүргізіп тұрамыз. Нәтижесінде қураған талдар анықталса, кесіп алынады, – дейді «Жасыл Қызылорда» КММ басшысының орынбасары Болат Бисенбаев.

Канал, арық жүйелерін тазалау, жерасты ұңғымасы және насос

арқылы аяқсу беру, сквер аллеялар мен орталық көшелердегі гүлзарларға гүл егу, қоғалды күтіп ұстау, қураған ағаштарды кесу және баллақтау ендігі жерде осы мекеменің міндетінде. Оның құрылғанына көп болған жоқ. Қоғам белсендісі Болат Нұрқожаев жаңа мекемеге сенім артатынын, бірақ жұмысы бір ізге түскенше кемі екі-үш жыл керек екенін жеткізді.

«Әуелі суару жүйесін жөндеп алайық»

Қызылордалық Болат Нұрқожаев ерікті түрде көшелерге ағаш отырғызып жүр. Бізбен әңгімесінде 12 метр жерден 500 көшет алып, оны сұрағандарға таратып бергенін айтты.

Сыр өңірінде жылда егілетін талдың санында есеп жоқ. Былтыр көктемде қаланың әр аумағына 5 мың түп тал егілген. Әкімдік оған 10 миллион теңге жұмсаған. Бірақ сансыз көшеттің көктемнен некен-саяқ. Туған жеріміздің жайқалып тұрғаны шамалы. Қоғам белсендісі суарылмағасын, күтіп-баптамағасын солай болатынын алға тартты.

– Шымкент, Алматы, Астана қалаларында тал егіп, су құйсаң, шыға береді. Қызылордада олай емес. Тамшылатып суару жүйесіне, бүркіп суару газонаға арналған. Қаланың сол жағалау бөлігін абаттандырып, тамшылатып суаратын етіп қойған. Оны Назарбаев даңғылында да бірнеше рет байқадық. Пандемия кезінде бүркіп суару жүйесін пайдаланылды. Ол да іске аспай қалды. Бюджеттің қаржысы осылай тиімсіз жұмсалып жатыр. Бейбарыс сұлтан көшесі қоғалдандырылды. Бірақ оның бойындағы әрбір ағаш бұрын-соңды суару жүйесі арқылы жақсы жетілді. Бізге, ең алдымен, арықпен суару жүйесі мәселесін шешіп алу керек, – дейді ол.

Сыр топырағы қарағаш, үйенкі, жиде, тораңғыл егуге қолайлы. Қылқан жапырақты өсімдіктерді жерсіндіру қиын. Қоғам белсендісі оны тек бағбан күтім жасайтын ғимарат немесе үйдің алдына егуге кеңес берді. Су келмеген жерге егудің қажеті жоқ.

– Тал күтіміне келсек, алдымен, жерді баптау керек. Біз болсақ, бір шелек су сыятындай етіп қазып, көшетті отырғызамыз. Ол дұрыс емес.

Өскен кезде де тамыры жайылатындай етіп, қорек ретінде топыраққа көшет араластырып, жерді өңдеп барып еккен дұрыс. Қара жерге шыбықты қалай салғанмен шаруа шешілімді. Қорек болмағасын көшет қобіне өліп қалып жатады, – дейді Болат Нұрқожаев.

Сондай-ақ ол тұрғындар бәрін әкімдікке итеріп салмай, өзі де қарекет қылу керек екенін жеткізді.

– Ең болмаса, жылына бір рет үй жағын, арық жүйесін тазалау керек. Қалада жұмыс күші жетпейді мүмкін. Жасыл желесті көбейтуден бұрын бар талды сақтап қалудың өзі мұн болып тұр. «Болатын баланың бағын кеспе, өсетін талдың басын кеспе» дейді. Ал біз талдың басын кесеміз. Биік өсу үшін талдың астын балақтау керек, – дейді қоғам белсендісі.

Арша, шырша, қарағай, қайыңға дейін жайқалтқан

Қызылордадағы тал-дарак өсіру ісіне бір кісідей үлес қосқан бір жан болса, ол – Бектай Сүлейменов. Жақында ғана жасы 85-ке тол-

ды. Соған қарамастан күйлі, қуатты. Қаланың сырт жағындағы 25 гектар жердің 8 гектарын баққа айналдырған. Біз барғанда бейнет-кеш ақсақал бел жазбастан сонда жүр екен. Қолында кетпен-күрегі. Азанын кешке дейін тыным таппайды. Көздің жауын аларлық көрініс – 34 жыл бойғы осындай еңбектің жемісі.

– Әуелгіде 4-5 сотық жерді шағын насоспен суару арқылы егуден басталды. Қазір мұнда алма, алмұрт, шие, сары өрік, кара өрік, жиде, жүзімнің үш-төрт сорты, таулы жерде өсетін арша, бот арша, боз арша сияқты ағаштарға дейін бар. Қызылорданың климатында көшетті күзде егудің тиімділігі төмен. Одан көктемде дұрыс. Жазда қылқан жапырақтыларды егуге болады, – дейді Бектай Сүлейменов.

Кейіпкеріміз Қызылорданы жасыл қалаға айналдыруға болатынын әлдеқашан дәлелдеп үлгерген. Оған жетудің жолы – құр науқаншылық емес, шынайы ынта мен еңбек қана екенін үнемі айтып келеді. Бейнеттің зейнеті шығар, қазіргі күні ат шаптырым аумақта қарағай-қайың, аршаға дейін бой түзеп тұр.

Бағбан ақсақал қаладағы тубдиспансердің емделушілеріне тиімді ұсынысын жеткізді.

– Өкпе ауруына шалдыққан науқастар үшін жасыл желестің пайдасы мол. Дәрігерлер тубдиспансерде жатып емделген науқастарға емі біткенін Көкшетаудағы, Солтүстік Қазақстандағы қарағай орманына баруды ұсынады. Осындай жағдайды өзімізде де жасауға болады. Жергілікті билік мәселеге көңіл бөліп, қаражат қарастырса, 7-8 гектар жерге қатарластырып ағаш егуге өзіміз көмектесер едім. Науқастар ем-дом қабылдағаннан кейін жасыл желесте таза ауа жұтып, серуендеп жүрсе, денсаулығын түзеуге көп көмектесер еді, – деді ол.

Бектай атаны мазалайтын тағы бір жайт – баққа барар жолдың жайы. Ойдың-ойдың жолмен, әсіресе, жауын-шашынды күні көліктің де, жауын адамның да онда жетуі қиын. Қаланы қоғалдандыруға зор үлес қосқан ақсақалдың бұл өтініші жергілікті билік тарапынан елеусіз қалмаса екен дейміз.

Нәзерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы», Нұрболат НҮРЖАУБАЙ (фото)

/// ТІЛЕКТЕСТІК

РЕДАКЦИЯДА
ЖАҢА БАСШЫ

Жарық көргеніне 95 жылға таяған облыстық «Қызылординские вести» газеті редакциясының басшылығы ауысты. «Сыр медиа» ЖШС бас директорының бұйрығымен Ботагөз Ажарбаева облыстық «Қызылординские вести» газетінің және kzvesti.kz ақпарат агенттігінің бас редакторы болып тағайындалды.

Б.Ажарбаева 1972 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. Журналистикадағы қызметін 2006 жылы бастады.

Ол еңбек жолын тілшіліктен бастап, «Экономика» бөлімінің басшысы қызметін атқарған. Экономика, әлеуметтік мәселелер туралы мақалалары оқырман тарапынан жоғары бағаланған.

Әріптесіміздің жаңа қызметіне тілектестік білдіреміз.

«Сыр бойы» редакциясы

/// ҚОЛӨНЕР

«СЫЙЛЫҒЫМДЫ
АЛСА, КӨҢІЛІМ
КӨТЕРІЛЕДІ»

Сырдария ауданының тұрғыны Назерке Сәбитова Бисерден көздің жауын аларлық небір дүние жасайды. Бірақ онысын ешқашан сатқан емес.

Кейіпкеріміздің қолөнерге қызығушылығы бала күнінде басталған.

– 4 сыныпта оқып жүргенде оқушылар үйінің ұстаздары келіп, бізді сондағы үйірмелерге шақырды. Кішкентай кезімнен тоқу, тігу ісіне икемім бар еді. Анам талабымды қолдап, үйімеге жіберді. Содан мектеп бітіргенше оқушылар үйіне қысы-жазы үзбей бардым. Әуелгіде сақина, моншақ, кісі есімі жазылған білезіктер жасадым. Одан кейін әртүрлі суреттерді, ертегі кейіпкерлерін бисермен тикитын болдым. Мұны көрген мектептегі еңбек және технология пәнінің мұғалімдері мақтауымды асыратын. Одан сайын шабыттанып, қолөнерді дамыта бердім, – деді Назерке Сәбитова.

Қолөнер ісін кейіпкеріміз хобби санайды. Ұсақ моншақтардан ағаш түріндегі сувенир, сәнді сөмке, өзге де бұйымдар әзірлегенмен бірде-бірін сатып көрген емес. Тек жақындарына сыйлайды.

– Бисермен тоқу жұмыстан кейін проблемаларды ұмытып, шаршағандық басуға көмектеседі. Сыйлық ретінде алған адам қуанса, менің де көңілім көтеріледі. Жакынында қуантқаннан артық ештеңе жоқ, – деді ол.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// МЕЙІРІМ

«АТАМЕКЕН» АУЫЛЫ

Қызылордадағы «Атамекен» отбасылық үлгісіндегі балалар ауылы 2015 жылы 1 маусымда ашылған еді. Онда жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға білім мен тәрбие беріледі. Бүгінде мұнда 3 пен 18 жас аралығындағы түрлі ұлт өкілдерінің балалары тәрбиеленуде.

Балалар ауылының басты миссиясы – жеткіншектердің құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті, зияткер тұлға етіп тәрбиелеу, отбасындағыдай жағдайда тәрбие бере отырып, әлеуметтік ортаға толық бейімдеп шығару. Мұндай үлгі, біріншіден, балалардың бір үйде тәрбиеленуіне мүмкіндік береді, екіншіден, олар өз-өзіне қызмет көрсетуге дағдыланады, яғни, күнделікті ас дайындауға, үй жинауға, үй шаруасымен айналысуға үйренеді. Сонымен қатар өзін-өзі басқару арқылы отбасындағы шығыстарға қатысуға және сатып алуға, төртіншіден, білім мекемесін таңдау құқығын және бос уақытты тиімді ұйымдастыруға жаттығады. Ал мұндағы ана-тәрбиешілер ашық конкурстар негізінде «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» туралы заң және «Ана-тәрбиешілерге қойылатын талаптар» ережелеріне сай қабылданады.

Қосқабатты 8 үй мен әкімшілік ғимаратынан бөлек, балалар ауылында баскетбол, волейбол және басқа да спорттық ойындарға арналған үлкен алаң, өткізгіштер мен бұлдірішіндерге арналған түрлі ойын орындары бар. Әрбір ғимарат 10 балаға арналған жатын, қонақжай, ойын бөлмесі және сабаққа даярлық бөлмесі, барлық санитарлық талаптарға сәйкес санитарлық-гигиеналық жуыну бөлмелерімен, заманауи талапқа сай техникалық құрыл-

тық құндылықтарды, өзіне-өзі сенімді болуды, халқымыздың салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін құрметтейтін елжандылықты сіндіреміз, жұмысымыз бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға негізделген. Алғаш ашылған күннен бері 83



бала түлеп ұшты. Жасаған жұмыстардың нәтижесінде 25 түлек ЖОО-ға, 58-і арнаулы орта оқу орнына түсті, 48-і тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, 20 шақты түлегіміз отбасын құрып, отау тігіп отыр. 8 бала мемлекеттік білім грантын жеңіп, шәкіртақы алады.

Қазір ауылда 51 тәрбиеленуші бар. Кейінгі үш жылда 62 бала тіркеліп, балалар ауылының бағдарламасына сай тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Ең маңызды мәселенің бірі – балаларды отба-

ғылым-білім дамуы орталығы ұйымдастырған «Element-2023» I республикалық кешенді пәндік олимпиадасында гуманитарлық бағыт бойынша I орын және «Ұлы дала баласы» ұлттық білім сайыстарының халықаралық кезеңінде бас жүлде алған. Михаил Турсунов есімді шәкірт спорт шеберлігіне үміткердің грант, 2022 жылдың тамыз айында Малайзия елінде муайтайдан өткен Әлем чемпионатының қатысушысы, 2022 жылдың «Үздік спортшысы» атанып үлгерген.

Басшының айтуынша, кейінгі жылдары Үкімет тарапынан түрлі жеңілдіктер қарастырылған. Балалар ауылына келіп түскен күннен бастап олардың жеке құжаттарын толықтыру, тұрғын үй кезегіне қою және пәтер алуға жағдай жасау – бірінші кезекте атқарылатын іс. Бітіруші түлектер мамандық алу үшін мемлекеттік грант, әкім гранты, университет ректорларының грантымен қамтамасыз етіледі.

Балалар арасында ауыл президенті тағайындалып, қарамағында 8 министрмен бірге ауылдың дамуы мен өркендеуіне өз үлесін қосып келеді. «Оқуға құштар ауыл», «Жастар парламенті», «Балалар және театр», «Дебат қозғалысы», «Еңбек – менің мұратым» жобалары да жеке тұлға ретінде қалыптасуына, талантын танытуға бағытталып отыр.

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»



ғылармен жабдықталған. Еңбек Ері Әбіш Кекілбаевтың ұсынысымен үйлерге «Үшқоңыр», «Байқоңыр», «Ақжайық», «Окжетпес», «Ұлытау», «Мадияр» және «Сарыарқа» атаулары берілген. – Балалардың бойына ұлт-

сына орналастыру. Осы уақытқа дейін 39-ы отбасына қабылданып, ана-тәрбиешілер мен ұстаздарының ыстық ықыласынан соң олардан кем емес жылы орта тапты. 14 бала патронаждық, 17-сі қамқоршылық-қорғаншылық тәр-

Шиелі, Жаңақорған, Сырдария, Қармақшы және Жалағаш аудандары бойынша электр энергиясын тұтынушылары назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 01.02.2017 жылғы №36 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық маңызды бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын» басшылық ала отырып «Шиелі Жарығ» ЖШС – Қызылорда облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаментіне электр энергиясының бөлшек сауда нарығындағы шекті бағасын 05.07.2024 жылдан бастап өзгерту жөніндегі ұсыныс жолдағандығын хабарлайды. Жобаланып отырған электр энергиясының бөлшек сауда нарығындағы орташа босату бағасы 1 кВт*сағатына 24,26 теңгегі (КҚС-сыз) құрайды.

Электр энергиясымен бөлшек сауда нарығында жабдықтау шекті бағасының өзгеруі себептері: 01.01.2024 жылдан бастап Бірыңғай сатып алушы тарапынан босатылатын электр энергиясы бағасының 16,5%-ға, Электр қуатының жүктемесін көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету қызметінің 01.01.2024 жылдан – 73,3%-ға өсімі, «ҚЭТК» АҚ тарапынан көрсетілетін қызметтің тарифінің 15 сәуірден бастап 26,96%-ға өсімі, «КЕГОС» АҚ тарапынан көрсетілетін қызметтің тарифінің 01 наурыздан бастап 2,9%-ға өсімі болып отыр.

«Шиелі Жарығ» ЖШС әкімшілігі

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 16 шілдесінде №000507 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Жарамсыз деп есептелсін

Жеке кәсіпкер Нарымбетова Айнура Бахитбековна (ЖСН 840519401289) мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

/// ФУТБОЛ

«ҚАЙСАР» «ТОБЫЛДЫ» ЖЕҢДІ

Қызылордалық «Қайсар» кейінгі алты ойынды нәтижелі өткізді. Үшеуінде жеңіске жетсе, қалғанында тең түсті. Нәтижесінде турнир кестесінде тоғызыншы орынға көтерілді. Алғашқы бестікке келе жатқан командаларға жақындап, жанкүйерлерді де рухтандырып келеді.

Өткен сенбіде қызылордалық клуб Қазақстан Премьер-лигасының онының турында Қостанайда жергілікті «Тобыл» командасымен ойнады. Қарсылас ұжым был бас жүлдеге үмітті. Десе де кешегі ойында олардың тым белсенділігі байқала қойған жоқ.

Кездесуде қарсылас командалар толассыз шабуылдар ұйымдастырды. Кейбірінде сәттілік жетпей жатса, енді бірінде қақпашылар әбжәлдік танытты. Осылайша бірінші кезеңде таблодағы

/// БОКС

ОЛИМПИАДАҒА –
ОН ЖОЛДАМА

Таиланд астанасы Бангкок қаласында бокстан 2024 жылғы Париж Олимпиадасына іріктеу турнирі мәресіне жетті. Дүбірлі дода барысында тамыз айында өтетін жаһандық додаға баратын былғары қолғап шеберлері анықталды. Төрткүл дүниенің үздіктері жиналатын беделді бәсекеде еліміздің атынан 10 боксшы сыңға түспек.

Ұлттық құрама бапкерлері соңғы лицензиялық турнирге баратын боксшыларды іріктеуге баса назар аударды. Бұл үшін Астана қаласында арнайы жарыс өткізді. Аталған сында ерлер құрамасынан 63,5 келі салмақта Мұхамедсабыр Базарбайұлы, Ерұтқан Зейнуллин, Серік Теміржанов, Дулат Бекбауов, Жандос Қарабалаев сынды бес боксшы өзара мықтыны анықтады. Шеберлігі шыңдалған Мұхамедсабыр ширақ қимылдап, Таиландтағы лицензиялық турнирге қатысуға мүмкіндік алды.

Айта кетсек, Мұхамедсабыр сәуір айында Италияда болған лицензиялық турнирге қатысып қайтты. Дегенмен ол жолы жолдамаға қол жеткізе алған жоқ. Сондай-ақ аталған турнирде әйелдер құрамасынан Алуа Балқыбекова (50 келі), Жайна Шекербекова (54 келі), Римма Волосенко (60 келі), Наталья Богданова (66 келі), Валентина Хальзова (75 келі) жолдамадан тыс қалып қойды.

Астанада өткен арнайы жарыс нәтижесі бойынша Алуа Балқыбекованы Назым Қызайбай алмастырса, Жайна Шекербекованы орнына Ұлжан Сәрсенбек Таиландтағы турнирге аттанды. Қалған үш салмақта Италиядағы турнирде сыңға түскен боксшыларға қайтадан сенім артылды. Таиландтағы жарыста Ұлжан Сәрсенбек (54 келі), Римма Волосенко (60 келі) мен Наталья Богданова (66 келі) жолдамадан тыс қалып қойды.

Назым Қызайбай (50 келі) 1/4 финалда дейін словакиялық Николь Дурикова, ұлы-британиялық Саванна Стублей, Оңтүстік Кореядан келген Джу-хонг Джунгы жеңсе, шешуші жекпе-жекте Солтүстік Корея боксшысы Канг Су Хуангты осал тұсын тауып, лицензияға қолы жетті.

Ал Валентина Хальзова турнирде украиналық Каролина Махно, монғолиялық Эрденетуя Энхбаатар, колумбиялық Ширлейдиз Орозконы орта жолда қалдырып, жолдама санын толықтырды.

Мұхамедсабыр іріктеу турнирінде филиппиндік Кристиан Питт Лорент, түркиялық Мизан Айкол, италиялық Джанлуиджи Маланганы жеңді. Десе де ширек финалда кубалық Эрислан-

ди Альвареске 2:3 есебімен есе жіберді. Жекпе-жек барысында қазақстандық былғары қолғап шеберінің басымдығы байқалып тұрғанымен, төрешілер кубалық спортшының қолын жоғары көтерді.

Бұл салмақта Олимпиадаға бес жолдама берілетін еді. Төртеуіне жартылай финалға шыққан былғары қолғап шеберлері не болса, бір жолдамаға ширек финалда сүрінген боксшылар таласатын. Қазақ боксшысы бұл жолы алдымен колумбиялық Хосе Мануэль Виафараны жеңді. Одан кейін молдовалық Александр Парацивті тізе бүктіріп, Олимпиадаға баруға мүмкіндік алды.

Ендігі кезекте алда үлкен міндеттер тұр. Ұлттық құрама сапындағы боксшылар қанша жүлдеге қол жеткізе алады? Бұрынғы олимпиадалардың орнын толтыра аламыз ба? Бапкерлер енді осы бағытта жұмыс жасайды деген сенімдеміз.

Алдағы жазғы Олимпиада ойындары 26 шілдеде басталып, 11 тамыз күні мәресіне жетеді.

Олимпиада бағдарламасына 32 спорт түрі енгізілген. Бокстан ерлер 51, 57, 63,5, 71, 80, 92, 92 келден жоғары салмақта жүлдені сарапқа салды. Ал әйелдер арасында 50, 54, 57, 60, 66, 75 келде жекпе-жек өтеді.

Қазақстандық спортшылар жазғы Олимпиада ойындарына 1996 жылдан бері тәуелсіз мемлекет құрамасы сапында қатысуға мүмкіндік алды. Содан бергі уақытта олар барлығы 72 медаль алып қайтты. Оның ішінде 24-і былғары қолғап шеберлерінің еңісіне тиіп отыр. Шаршы алаң төріндегі сайыстарда қазақстандық боксшылар 7 алтын, 7 күміс, 10 қола медаль алды.

Жанкүйерлер үміт күткен үздіктердің айтулы аламанға қатысуына ерекше қызығушылықпен қарап отыр. «Елімізден қанша боксшы Парижге барады?» деген сауал өткен жылдан бері түрлі пікір тудырып келген еді. Енді олардың арасынан қайсысы Олимп шыңына көтеріледі деген сұрақ айтылады. Шынында, қай боксшының бағы жанады екен?

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»